

4-5 БЕТТЕРДЕ

УНИВЕРСИТЕТТИҢ 2022 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№8 (132)
Қазан, 2023 жыл



АТЫРАУЛЫҚ ҒАЛЫМДАРҒА – ІЗГІ ТІЛЕК!

Нұрбек САЯСАТ,

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі

Қайырлы күн, қадірлі достар! Өздеріңізге еліміздің күн батысындағы жетекші оқу орны Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ғалымдарының ілкімді ғылыми жетістіктерін бөлісейін.

Атырау облысы топырағы тұзды, экологиялық ахуалы күрделі шөлейтті аймақ. Сондықтан да, ауыл шаруашылығы саласында мал азығы жем-шөп тапшылығы мен жайылымдық жердің тозаңдануы үдеп келеді. Осы мәселені жеделдете шешу үшін ғылым докторы Болат Мұхамбетов ақсақал ұзақ жылғы зерттеулерінің нәтижесінде аймақтың табиғатына төзімді түйежоңышқа тұқымдарын будандастыру арқылы ерекше құнарлы өсімдікті өсірудің ғылыми қолданбасын әзірледі. Нәтижесінде ғалым баптаған екпе шөп жайылымдарды пайдаланудың конвейерлік кезеңін 189 күнге дейін ұзартуға қол жеткізді. Бүгінде ғалымның қолданбалы тәжірибесіне сүйеніп Қызылорда облысы Жалағаш ауданының және Атырау облысы Махамбет ауданының бірнеше қожалықтары өсімдікті өсіріп, тұқымын көбейтуге кірісіп кетті.

Атырау өңірінде ауыз су мәселесін оңтайландыру мақсатында да ғылыми зерттеу жұмыстары кешенді жүргізіліп жатыр. Аймақ ғалымдары Атырау облысының ауыл тұрғындары арасында таза ауыз су мен қауіпсіз санитарлық қызметтерді зерделеп,

Қазақстандағы қолжетімділіктің базалық деңгейін айқындауды бағалау және БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін ұсыныстар береді деген сенімдеміз.

Еліміздің күн батысы ежелгі дәуірде тайпалар мен ұлыстар мекендеген, орта ғасырда Алтын орда билеушілері Сарайшық қаласын салған, қазақ хандығының тұсында Қасым ханның ордасы және мәңгілік мекеніне айналған тарихы терең, киелі топырақ.

Сондықтан да, оқу ордасы көптеген археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Университеттің археология зертхасы құнды материалдық заттармен толығып, студенттердің ғылыми зерттеулер жасап, тарихты терең зерделеуіне мүмкіндік тудырып отыр. Биыл жазда археологтар өңірдегі Исатай, Құрманғазы ауданындары аумағында жатқан Нарын құм-шағылында жаңа тарихи-мәдени ескерткіштерді және артефактілерді анықтау мақсатында археологиялық барлау-зерттеу жұмыстарын сәтті аяқтап келді. Алдағы уақытта өлке тарихы тың деректермен толығып, анықталған тарихи-мәдени ескерткіштерге археологиялық қазба жұмыстары жүргізіледі деген зор үміттемін.

Атыраулық ғалымдарға Алаш қайраткері Халел Досмұхамедовтың аяулы аманатын ардақтаған, ғылымдағы жетістіктерін арттыра берсін деген ізгі тілегімді жолдаймын.



Халел Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЫ

байланыс телефоны: 87789920071
E-mail: k.kabyldau@asu.edu.kz

1 оқу ғимараты, 109 кабинеті



РЕКТОР БАҒАНАСЫ

АНА ТІЛІНІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ БАРШАМЫЗ АТСАЛЫСУЫМЫЗ КЕРЕК

«Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесен, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесен, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате».
(Халел Досмұхамедұлы)

Жалпы тіл мәселесі, оның ішінде ана тіліміз – қазақ тілі мәселесі Мемлекет басшысының назарынан тыс қалған емес. Оған дәлел, күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Рауан Кенжеханұлын қабылдап, мемлекеттік тілді нығайту ісіндегі өзекті мәселелер тоқталып, алда осы бағыттағы жұмыстарымыздың бағыт-бағдарын көрсетті деп айтуға болады.

Бұл туралы қоғам және зиялы қауым, тіл мамандары өз пікірлерін білдіруде. Осы пікірлердің толықтай түйіні қалай қазақ тілінің мәртебесін көтеру мәселесі, тілдің дамуына байланысты көзқарастар мен ұсыныстар айтылуда.

Мемлекет басшысының осы кездесуде айтылған пікірінен, Президенттің мемлекеттік тілге байланысты қазіргі жағдайды толық білуі, қазақ тілінің ары қарай дамуы мен қолданылуы аясын кеңейту туралы ойлары баршамыздың көңілімізден шықты деп айта аламыз. Нақты мысалдар келтіре отырып, осы туындаған мәселелерге байланысты шешу жолдары мен алдағы міндеттерді көрсетіп берді.

Осыған байланысты, Атыраудағы «Қазақ тілі» қоғамының өкілі ретінде өз ойларымды жеткізсем. Біріншіден, «Қазақ тілі» қоғамының жұмысын күшейту үшін жергілікті билік, бизнес, қоғам, әрбір азамат жауапкершілікпен атсалысып, қолдау көрсету керек. Осы жұмысқа атсалысам деген барша ағайынды «Қазақ тілі» қоғамына мүше ретінде кіруге және белсенді болуға шақырамын.

Екіншіден, қазіргі ғаламдық желі, ақпараттың тез дамыған заманында қазақ тілінде контенттерді, ақпараттарды көбейту, ол үшін әрбір өңірдегі жергілікті жоғары оқу орындары мен ғылыми институттардың, қазақ тілі мен әдебиеті кафедраларының, ғалымдардың мүмкіндіктерін кең пайдалану. Әрбір мекеменің жеке сайттарының, парақшаларының қазақ тіліндегі ақпараттарының өзектілігі, балалардан бастап, ересектерге дейін әртүрлі білім алу деңгейінде қазақ тілінің оқытылуына, жазу сауаттылығына үлкен мән берілуі қажет.

Үшіншіден, жергілікті билік, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы (аты айтып тұрғандай) әрбір бизнес өкілдерінен тілге құрмет талап етіп, оларға әртүрлі мемлекеттік тілге байланысты ақпараттық қолдау көрсете отырып, олардың жарнамалары мен ақпараттарының ең бірінші қазақ тілінде жариялануын қадағалау, жарнамалық агенттіктердің жұмысын реттеу қажет.

Төртіншіден, шетелдік мықты ғалымдардың еңбектерін, көпшілік қызығып оқитын туындыларды қазақ тіліне аудару үрдісін жалғастыру, қазақ тіліндегі ғылыми еңбектердің нәтижелерін, мақалаларын еліміздің жоғары рейтингтік журналдарында жариялауға басымдық жасау.

Бесіншіден, қалалардың, қалаішілік аялдамалардың безендірілуін, оларда қазақтың тұлғаларының елдің тарихы, тілі мен руханиятына байланысты айтылған нақыл сөздерімен безендіру, т.б. іс-шараларды атқару өте өзекті.

Қазір түркі, еуропа елдерінен келген шетелдік ғалымдар мен студенттер қазақ тілін меңгеруге деген ынталары артуда, бұл біздің еліміздің халықаралық деңгейдегі беделінің артуы, сонымен бірге еліміздің білім мен ғылым саласының жаңа өзгерістері, қазақ тілінің ғылым тіліне айналуына бағытталған іс-шаралардың әсері деп ойлаймын.

Пікірімнің соңын Алаш ардақтысы Халел Досмұхамедұлының «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек» деген ойымен аяқтағым келеді.

Сондықтан, осы Мемлекет басшысымен кездесуден кейінгі мемлекеттік тіліміздің өркендеуіне дамуы және кең көлемде барлық салада қолданылуы үшін баршамыз атсалысуымыз керек. Оған қажетті алғышарттардың барлығы жеткілікті деп ойлаймын. Барлығы өзімізге байланысты! Баршамызға осы қызметте сәттілік тілеймін!



18 қазан – рухани келісім күні

«JAS-SANA» ҰЛТТЫҚ ЖАСТАР КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ



Оқу орнында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау облысы Дін істері басқармасы және Жәрдем Атырау корпоративтік қоры арасында үш жақты келісіммен «JAS-SANA» ұлттық жастар клубы ашылды.

Рухани келісім күні мен еліміздегі ұлттық мәртебе иеленген бірден бір мейрам – Республика

күні қарсаңында ашылған орталықтың ашылу рәсімінде облыстық дін істері басқармасының басшысы Қайролла Көшқалиев, университет ректоры Саламат Идрисов, Иманғали мешітінің бас имамы Алтынбек Ұтысханұлы, Успен соборының настоятелі протоиерей Александр Козулев сөз сөйлеп, жастардың мәселелерін шешіп, шешуге, ұлтжанды, саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етуі тиіс орталықтың ашылуын оң бастама ретінде қабылдап, сәттілік тіледі. Университеттің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Жұмазия Абдрахманова өз кезегінде орталыққа «Түркі есімдері» кітабын сыйға тартты.

Жастарды тәрбиелеу әрбір ұлттың негізгі қазығы – тілі, ділі, салт-дәстүрін сақтап, насихаттау арқылы жүзеге асады. Сол себепті, шара қонақтары жаңа клуб жаңа заман жастарын қалыптастыруға және игі дәстүр мен оң дүниелерді насихаттауға септігін тигізіп, өз міндетін атқарады деп сенім білдіретіндерін жеткізді.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі Жаппай ашық онлайн курсы (MOOK) әрбір білім алушы дүние жүзіндегі жетекші университеттердің профессорлары, оқытушылар, кәсіпқой қауымдастықтың бизнес-тренерлері әзірлеген курстардан білім алу мүмкіндігін беріп отыр. Осы орайда, экономика және құқық факультетінің экономика кафедрасының аға оқытушылары, магистрлер Мейрамгүл Дінғазиева «Трейд маркетинг және электронды коммерция», Айгүл Джумаева «Статистика теориясы және е-статистика», Айнұр Тажиденова «Бизнес-жоспарлау» деген курстарын жаппай ашық онлайн курсы форматында әзірлеп, ұсынды.

Сандық технологиямен жабдықталған жаңа онлайн курстарды және вебинарларды жазу бейне-студиясында қажетті техникалық құралдарды пайдалана отырып түсірілген бұл курстар бүгінде университет сайтында қолжетімді. Әрбір тақырып бойынша дәріс ма-



териалдары жазылып, бақылау сұрақтары, тест тапсырмалары қосымша берілген. Студенттер кез келген уақытта пайдалана алатын мүмкіндік бар. Аталған оқытушылардың осындай үлкен жұмысы лайықты бағаланып, 2022–2023 оқу жылының қорытындысында KPI бойынша жоғары баға алып, алғашқы сегізінші орындарды иеленді.



БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ ҰШТАСҚАНДА

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен Ә.Кекілбаев атындағы N41 мектеп-гимназиясының бірлесуімен «PROF ҚАДАМ ТӘЛІМГЕРЛІК ЖӘНЕ КУРАТОРЛЫҚ» жобасы бастау алды. Жоба аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен N41 мектеп-гимназиясының арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум ынтымақтастық, екіжақты қызметті жақсартуға бағытталған бірлескен инновациялық жобаларды дайындау және өткізу, екі тараптың жинақталған мол тәжірибелері мен білімдерін бөлісу, сондай-ақ, болашақ мамандармен сұхбат, мұғалімнің мықты және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен жетістіктерін

анықтауға өз септігін тигізеді. Теориялық білім мен тәжірибенің ұштасуын көздеген жобаға қатысушыларға университет тарапынан шәкіртақы тағайындалады.

Пилоттық негізде басталғалы отырған кураторлық жүйе бойынша мектепте сынып жетекшілері мен жоғары курс студенттерінен құралған кураторлар тобы қызмет етпек. Кураторлар сынып жетекшімен бірге сыныптағы тәрбиелік шараларды өткізіп, оқушылардың тұлға болып қалыптасуына өз үлестерін қосады. Әр студентке тәжірибелі зерттеуші-шебер педагогтер тәлімгерлік етеді. Айта кетейік, жоба республика бойынша бірінші рет қолға алынып отыр. Оған әзірге 15 студент қатысады.

ТУРА ЖОЛДЫҢ ИЕСІ

Естеліктер өткеннің емес, болашақтың кілті (Корри Тен Бум)

Қазан айының алғашқы аптасы – Ұстаздар күні мерекесінде кезінде физика және техникалық пәндер кафедрасында өзіммен әріптес болған, бақилықтың баянды есігін ашып, арамыздан кеткен, өнегелерін көріп, көңілімізде кісілік қылықтарымен қалған, парасат-пайымымен есте жүретін ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ҰЛЫ ТҮЛҒАЛАР: Ғабдуллин Қайыржан, Жалғасов Асау, Майлыбаев Жәдігерей, Серіков Жаңбырбай, Нәубетжанов Мәди, Марков Владимир, Нұрғалиев Ахуден, Сейтов Хайреден, Имашев Гизатулла, Құрмашева Зәуреш сынды құрмет пен тағзымға лайық жандарды тағы бір мәрте еске алдық. Биыл 70 жылдан астам тарихы бар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ашылуымен бірге бастау алған кафедрада еңбек еткеніме 30 жыл толғалы отыр. Кафедрада ең жасы, сыйлы қарындас болып, ұлы ұстаздармен етене араласып, өнегелерін көргенімді мақтаныш етемін. Х.Досмұхамедов «Ел үшін еңбек еткен ерлерді қадірлеу – елдіктің белгісі» деп жазғандай, кафедра тарихы сақталу үшін өзім араласқан жандар туралы жазып жүргенімді факультет ұжымы жақсы біледі.

Бүгінгі жазбам жаратылыстану ғылымдары мен жылу физикасы саласының белгілі ғалымы, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, Нью-Йорк қоғамдық ғылыми академиясының мүшесі – Сейтов Хайреден Сұңғатұлына арналады.

Хайреден Сұңғатұлы саналы ғұмырын ұстаздық ізденіс жолына арнады. Туған жердің топырағында дүниеге келіп, киелі білім ордасы Гурьев педагогикалық институты (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы АУ) физика-математика факультетінің «Физика» мамандығын Лениндік стипендиямен (1963-1967) үздік бітірді. Ғылыми жетістіктері: С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) аспиранты (1972); «Газ бен газ қоспасының төменгі температурадағы жылу өтімділік» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғауы (1977); ЖАК доценті (1981) ғылыми атағы; Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің академиялық профессоры (1996), Нью-Йорк ғылым академиясының толық мүшесі (1997).

Хайреден Сұңғатұлының 1989-1998 жылдары Атырау мұнай айыру зауытымен жүргізілген 8-шаруашылық келісім-шарттардың ғылыми жетекшісі болып, ғылымның өмірге қажеттілігін түсініп, өзінің қажыр-қайратының арқасында абырой биігінен көріне білді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде университетке миллиондаған қаражат келтірілді және экологияны қорғауда маңызды ерекше құрал-датчик құрастырылып, экспресті бақылау жүйесі, жылу мөлшерін есептеудің тиімді әдістері өндіріске енгізілді.

Ол өзінің еңбегін еліміздің ұлттық білім беру жүйесінің дамуына, оның халықаралық білім кеңістігімен ықпалдасуына, білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізуге және білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау ісіне арнады. Ғылыми еңбектерімен, қайраткерлік қасиетімен елімізде және халықаралық білім кеңістігінде танымал болды.

Хайреден Сұңғатұлы тәжірибелі маман ретінде өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, талап қоя білетін, проблемаларды шешуде өзіндік көзқарасы бар басшы екенін көрсете білді. Кафедра мегерушісі болған кезде жұмысқа қабылданған С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің үздік түлегі, әріптесіміз, қауымдастырылған профессор А.Амангосова «Мені жұмысқа қабылдау үшін Х.Сұңғатұлы маған бір апта есеп шығартып, сабағыма қатынасып, эксперименттен өткізген» дейтін.



Бірнеше жыл қатарынан университеттің қабылдау комиссиясында профессор Ж.Рашбаев, доцент А.Нұрғалиевтермен бірге талапкерлерді оқуға қабылдады. Кейбір түлектерден оқуға екі-үш қайтара тапсырып, әзер түскенде жалпы физика курсының 1 семестрінде «Механика» курсы мен 2 семестрінде «Молекулалық физикадан» Хайреден Сұңғатұлы сабақ бергенде, ағайдың лекцияларын жастанып жатып, ізденіп, кейін үздік студент атанғандарына куә болдым.

Аталған екі курс аяқталғаннан кейін 3 семестрде мен оқитын «Электр және магнетизм» курсы жалғасады. Студенттер іріктеліп қалған, 1 курста 2-3 студент оқудан шығып кеткен, алдымда есейіп қалған студенттер отырады. Оқыған лекция студенттердің жазбаларында формулалар қызыл пастамен, анықтамалар алдына үш бұрыш белгісі салынған жасыл пастамен, рет-ретімен көк пастамен ап-анық, тайға таңба салғандай көркем түсетін. Ол әрине, бізге студенттерді дайындап беретін Хайреден ағамыздың еңбегі еді.

Сабақтарына қатысқан кезде немесе үзіліс кезінде ағай отыратын 325 аудиторияға кірген кезде тақтадағы көркем жазуға қарап тәнті боласың. Тақтаны өте шеберлікпен қолданатын, лекция түсінікті, ашылып-жабылатын 3 бет көк тақтада құбылыстың бормен сызған суреті, формуласы, көркем жазуы, ілінген көрнекілігі, үстел үстіндегі приборы – бәрі самсап тұрады. Не деген шеберлік, көз алдыма көркем жазуы әлі де келіп тұрады.

Алғашқы жылдары оқытушы болғандықтан мен кафедра дайындайтын оқу жұмыс жоспарындағы әртүрлі пәндердің (жалпы физика курсы, оқыту әдістемесі, профильдік пәндер) практикалық және зертханалық сабақтарын жүргізетінмін. Жоғарыда аталған әріптестердің барлығы дерлік маған тәлімгер болды. Х.Сейтов, М.Нәубетжановпен бірге «Механика, Молекулалық физика», А.Жалғасовпен бірге «Электр және магнетизм», Ж.Майлыбаевпен бірге «Оптика, Атомдық физика», Қ.Ғабдуллин, В.Марковпен бірге «Радиоэлектроника, Автоматика және есептеу техникасының негіздері», А.Нұрғалиевтен «Астрономия негіздері» зертханасын, Ж.Серіковтен «Электродинамика», Г.Имашевтан «Физиканы оқыту әдістемесін» үйренем деп, күнде сабақтарына қатыналатынмын. Әрқайсысы мен үшін үлкен тұлға.

Х.Сейтовтің «Молекулалық физика» зертханасында өз қолымен құрастырған термодинамика және т.б. жабдықтары тұратын. Ағай бірнәрсені түсіндіргенде көзі, қолы, сөзі үйлесімділікпен келісіп,

миыңа құйып жіберетін. Жарасымды келісті түрімен, жарқылдаған адал жүрекпен, шапшаң қозғалатын. Ал, мерекелерде мүлдем басқаша, отырыстың сәні, әзілін, әнін айтып, асаба болып кететін. Кафедра лаборанты Сандұғашпен туған күндерін бірге атап өтетін. Сол кезде «менің бақшамның көкөністері мен жемістері, өзім жапқам деп, қарқылдап күліп, қысқа дайындалған бангаларын әкелетін.

«Айналайын, жассың, көзің ашық, университет бітіріп келдің, ғылыммен айналысу керек, сабақтарыңды ауыстырамыз, орталыққа бар, ғылыми жетекші ізде» деп, ақыл қосқан ағайларымыздың бірі еді.

2004 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарым аяқталып, қаңтар айында алдын-ала қорғаудан өтуге Алматыға кеткенмін. Сол кезде қысылып жатқан ағайымызға қаншама студент еріктерімен барып, қандарын тапсырып, көмек етсе де, ажалға араша тұра алмағаны жанымызға батты. «Қазір бар адам – қазір жоқ»...

Өткен ғасырдың аяғы, қазіргі ғасырдың басында кафедраның ғылыми әлеуеті 80-85 пайыз құрайтын. Алдыңғы ағалар салып өткен жолдармен физика және техникалық пәндер кафедрасы жұмыстарын жалғастыруда, бүгінгі күні кафедраның ғылыми әлеуеті 60 пайызды құрайды.

Хайреден Сұңғатұлы аяқтаған келісім-шарт негізіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарынан кейін қайта құруға байланысты кафедрада ұзақ жылдар ғылыми зерттеулер тоқтап қалды. Бүгінгі күні кафедра оқытушылары мемлекеттік және университет ішкілік гранттық қаржыландыру жобалары бойынша үш жобаны аяқтап (ғылыми жетекшілер – Қуанбаева Б., Имашев Г., Абыканова Б. 2021 жж), қазіргі кезде 2023-2025 жылдарға арналған үш ғылыми жоба (ғылыми жетекшілер – Жусупкалиева Г., Абыканова Б., Бекова Г., Жүсіпбеков К.А.) және зерттеуші, оқытушы-зерттеуші лауазымы бойынша да ғылыми жұмыстарға жұмылдырылғаны қуантады.

Дара жолдың иесі болған, ұлағатты ұстаз, ғалым-физик Хайреден Сұңғатұлының өмір жолы, ғылыми-шығармашылық еңбегі кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге. Соған байланысты жақында ұстазымыздың атындағы аудитория ашылып, игі шара атқарылды. Мұның өзі Ұстаз-ғалым рухына деген тағзым деп білемін.

Б.У.ҚУАНБАЕВА
физика және техникалық пәндер кафедрасының профессор м.а.

15 қазан кітапханашылар күні

ГУЛЬСИН БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕС



Әр адамның өміріне жол салуда кітапханашылар қауымының зор үлесі бар. Мамандық таңдау – адамның болашағымен байланысты болатын аса маңызды әрі жауапты қадам. Кітапханашы мамандығын таңдаған Гүльсин Өтеғалиқызы Жұмалиева сүйікті кәсібіне отыз жылдан астам ғұмырын арнап, бүгінде мерейлі жасқа толып отыр.

Гүльсин Өтеғалиқызы 1968 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1986-1988 жылдары Гурьев мәдени-ағарту училищесінде кітапханашы мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1989-2008 жылдары Гурьев облысының ғылыми – техникалық кітапханасында

кітапханашы, 2008 – 2014 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасында кітап қорын толықтыру және өңдеу бөлімінде инспектор-каталогизатор болып жұмыс жасады. 2015-2016 жылдары «Сенім» элитарлық мектеп-балабақша кешенінде кітапханашы, 2016 жылдан күні бүгінге дейін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кітапханасында маман болып қызмет атқаруда. Профессор-оқытушылар мен студенттердің ғылыми жұмыстарына әмбебап ондық жүйесі (УДК) мен ғылыми-техникалық ақпараттық халықаралық рубрика-

торымен (МРНТИ) қамтамасыз етеді.

Кәсіби мереке қарсаңында әріптесіміз Гүльсин Өтеғалиқызын 55 жас туған күнімен құттықтаймыз! Сіз байыптылығыңыз бен іскерлігіңіз, кәсіби шеберлігіңіз бен жоғары біліктілігіңіз әлдеқашан танымал болған білгір де тәжірибелі мамансыз. Бұл салада өз білімділігіңізбен, тәжірибеңізбен, адал еңбегіңізбен ерекшеленіп келесіз. Кітапхана сынды мәртебесі биік киелі шаңыраққа келетін оқырман саны көбейіп, кәсіби шеберлігіміз арта берсін!

Зәуреш ИБРАШЕВА,
ғылыми кітапхананың жетекші маманы



АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС КӨП,

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-Ректоры С.Н.Идрисов оқу орнының 2022 жылындағы атқарған қызметі туралы дәстүрлі есеп беру жиынын өткізді.

Есеп құрылымы университеттің білім, ғылым, халықаралық байланыс, тәрбие, әлеуметтік саясат және қазіргі жоғары білім саласына қойылып отырған талаптарға сай алдағы тұрған бағыттарды қамтиды. Университеттің есепті мерзімдегі даму бағдарламасының негізгі бағыттары – университеттің қарқынды дамуы, Атырау өңірі еңбек нарығы сұраныстарына сай сапалы мамандар дайындау, Атырау университетін аймағымыздағы инновациялық процестердің, ғылым мен білімнің драйверіне айналдыру болып отыр. Сол мақсатта кадрлық әлеуетті дамыту, инфрақұрылымды жетілдіру, тиімділік имиджін қалыптастыру сынды даму бағыттары белгіленді.

Ректор есебінде айтылғандай, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 2022 жылы білім алушылар саны 5,2 пайызға артып, 7825 адам құрады. Оның ішінде Әзірбайжан, Иран, Қытай, Монголия, Ресей, Өзбекстан, Түркия, Армения, Пәкістан елдерінен келген шетелдік студенттер саны 147 болды. 2022 жылы 2077 түлек оқу орнын бітіріп, олардың 1716-і (83%) жұмысқа орналасты.

Х.Досмұхамедов университеті есепті мерзімде Даму стратегиясына сай жұмыстарды жоспарға сай атқарды. Алдағы уақытта университетті Атырау өңіріндегі дамудың драйверіне айналуына жағдай жасайтын, сонымен қатар, жоғары оқу орнының заманауи материалдық-техникалық нығайту мақсатында атқарылуы тиіс жұмыстар атап өтілді. Олар: өңірдегі педагогикалық мамандардың жетіспеушілігін шешу. Университет PGCE (Postgraduate Certificate in Education) бағдарламасы (Білім беру саласындағы кәсіби сер-

тификат) бойынша жұмысты 2020–2021 оқу жылында бастап, қазіргі күні 13 маман қайта даярлау курсынан өтіп, сертификат алды.

Бұдан бөлек, жоғары педагогикалық білім беруді жаңарту. Жас ғалымдар мен топ-менеджерлерді оқытуды «Назарбаев университет» тәжірибесінде дайындау, шетелдік әріптестікті күшейті, қосдипломды бағдарламалардың санын көбейту, педагогикалық кадрлардың тілдік құзыреттілігін дамыту, IT сауаттылықты арттыру бағытында жұмыстар атқарылуда. Академиялық қызметте жаңа білім бағдарламаларында икемді кәсібі (SoftSkills, HardSkills) және кәсіпкерлік дағдыны дамытуға басымдылық беріліп, білім бағдарламаларында инклюзия және арнайы педагогика бағыттары ескеріледі.

Саламат Нұрмұханұлы өз сөзінде Атырау университетінің дамуына қолдауды қажет ететін мынадай жұмыстарды атап өтті:

1)Бүгінгі таңда мектеп бітіруші түлектердің санының өсуі және Атырау университетіне келетін талапкерлердің саны артуы оқу аудиторияларының жетіспеушілігі орын алуда. Академиялық артықшылық орталығын құру жұмыстарын іске асыру үшін заманауи лабораториялар үшін ғимарат қажет. Осыған орай, бес қатарлы заманауи оқу-лабораториялық ғимарат салуға қолдау қажет.

2)Биылғы олимпиада және паралимпиада жарыстарында университет студенттері және түлектері өте жақсы нәтижелер көрсетті. Алайда спортшыларды дайындауда қолданылып отырған «Буревестник» стадионы мен оған жапсарлас салынған ғимарат ескірген. Жүзу бассейні, басқа да спорттық орындары тозды. «Буревестник» стадионы 1975 жылы салынғандықтан, бүгінгі талаптарға сай келмейді. Оның орнына жаңа спорттық ғимарат салу мәселесі күн тәртібінде тұр.

3)«Ұстаз» мектебінің ашылуына орай жаңа мектеп интернет ғимаратын салу да өзекті мәселе.

4)«Марриотт» қонақүйі жанындағы кезінде жатақхана болған N2 оқу ғимаратын қайтадан жатақханаға ауыстырып, күрделі жөндеу қажет.

«Университет өңіріміздегі тек қана білім беру ғана емес, өңірдің қоғамдық-саяси өмірінде аса маңызды орын алатын құрылым. Университет түлектерінің 70 пайызы облыс экономикасы үшін қызмет етеді. Сондықтан алдымызда төмендегідей міндеттер тұр», – деп нақтылады Саламат Идрисов. Олар:

Бірінші міндет: Білім бағдарламалары мен ғылыми зерттеулердегі инновацияларды арттыру.

Бұл жобалардың негізі оқытушылар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру, білім берудің ішкі мазмұны мен сапасын жақсарту, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға негізделген кәсіпкерлікке бағытталған оқу ортасын қалыптастыру.

Ғылыми-зерттеу бағытын күшейту үшін, ең алдымен – педагогикалық білім беруді жаңғырту: яғни, педагогикалық зерттеулер және оқу-зертханалық базаны нығайту қолға алынады.

Университеттің педагогикалық білім беруді дамыту бағдарламасы жасалады. Өңірде аймақтық педагогикалық кеңес, педагогикалық шеберлік орталығы құрылып, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, қазіргі заманға сай құзыреттіліктерді игеруге жағдай жасалады. Университет Атырау өңірінің білім сапасын көтеруге Назарбаев зияткерлік мектебі және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, Ы.Алтынсарин ұлттық білім академиясы, еліміздің және шетел жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып жобалар ұсынамыз.

Өңірдегі кәсіпорындармен бірлескен ғылыми

2022 ЖЫЛ: АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ БИІК ШЫНДАРҒА ЖЕТЕДІ!

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ

IQAA RANKING 10 ОРЫН АГЕНТТІГІНІҢ ҮЗДІК ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖООЛАР ҰЛТТЫҚ РЕЙТИНГІСІНДЕ

RANKING WEB OF UNIVERSITIES 11276 РЕЙТИНГІСІ ОРЫНДА 30991 ШІННЕН

GreenMetric 502 РЕЙТИНГІСІ ОРЫН 1050 ШІННЕН

АТАМЕКЕН КР-ҰҚП НПП РК РЕЙТИНГІСІ ТОП 3 - 8 ББ ТОП 5 - 6 ББ ТОП 10 - 11 ББ

2022 ЖЫЛҒЫ СТУДЕНТТЕР ҚАБЫЛДАУ

ЖАЛПЫ САНЫ **2755** БАКАЛАВРИАТ - 2659 МАГИСТРАТУРА - 96

ГРАНТТАР

БАРЛЫҒЫ - 792
БАКАЛАВРИАТТА - 681
ЖОМ ГРАНТЫ - 39
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ - 9
МАГИСТРАТУРАДА - 63

БІЛІМ ГРАНТЫ ИЕГЕРЛЕРІНІҢ САНАТТАР БОЙЫНША АҚПАРАТЫ

| | |
|---------------------------------|-----|
| 1. ЖАЛПЫ КОНКУРСӨН | 300 |
| 2. ҚОҒАМАЛЫҚ ОТАБАСЫН | 85 |
| 3. ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТАБАСЫН | 65 |
| 4. АУЫЛ КВОТАСЫМЕН | 25 |
| 5. «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕР | 16 |
| 6. ҮЗДІК АТТЕСТАТ ИЕГЕР | 65 |
| 7. ЖЕТІМ БАЛАЛАРҒА | 31 |
| 8. МҮГДЕКТЕРГЕ | 6 |
| 9. АТА-АНАСЫ МҮГДЕК ОТАБАСЫН | 10 |
| 10. СПОРТТАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ ҮШІН | 6 |

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕР

| | |
|-----------|-----|
| ӨЗБЕКСТАН | 131 |
| РЕСЕЙ | 8 |
| ӨЗБЕКЖАН | 4 |
| АРМЕНИЯ | 1 |
| ПАКИСТАН | 1 |
| ИРАН | 1 |
| ТУРКИЯ | 1 |
| ҚЫТАЙ | 1 |
| МОНГОЛИЯ | 1 |

ӨЗГЕ ӨНІРЛЕРДЕН/ОБЛЫСТАРДАҒЫ

| | |
|-----------|-----|
| АКТӨБЕ | 62 |
| АҚМОЛА | 10 |
| ТҮРКИСТАН | 120 |
| ШЫМКЕНТ | 28 |
| ЖАМБЫЛ | 38 |
| МАҢҒЫСТАУ | 155 |
| ОРАЛ | 67 |
| ПЕТРОПАВЛ | 17 |
| АЛМАТЫ | 15 |
| ҚАРАҒАНДЫ | 5 |
| ҚЫЗЫЛОРДА | 69 |
| ҚОСТАНАЙ | 5 |
| ПАВЛОДАР | 1 |



УНИВЕРСИТЕТ - САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

2021-2022 оқу жылында университеттің бакалавриаттағы 56 мамандығы және магистратураның 41 мамандығында **7573** білімалушы болды (грант 1231 - 16,26 %)

оның ішінде бакалавриат - **7321** студент, грант **1120**

магистратура - **252** (грант - 111)

Профессор-оқытушылардың барлық құрамында **374** адам штаттық оқытушылық лауазымда жұмыс жасады, оның ішінде **18** ғылым докторы, **93** ғылым кандидаты, **24** PhD

АЛДАҒЫ ЖОСПАР АУҚЫМДЫ

зерттеулерді жүргізу және әртүрлі қаржыландыру түрлерін тарту үшін кешенді шаралар әзірленеді.

Инновациялық қажеттілікті және әңбек ресурстарына өңірлік сұранысты зерделеу үшін жобалық кеңсе құру арқылы университет түлектерін жұмысқа орналастыруға және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін өндіріске енгізуге мүмкіндік береді.

Екінші міндет: Университеттің экожүйесін дамыту: ұйымдастырушылық, кадрлық, академиялық менеджментті жаңғырту.

Ең алдымен университеттің ұйымдастырушылық құрылымын оңтайландыру, кадрларды әлеуметтік қолдаулар, көтермелеу сыйақылары және кадр саясатында талант-менеджмент жүйесін жүзеге асыру. Бұл арқылы университет оқытушыларының орта жалақысын өңірдің орта жалақысына жақындату міндеті тұр.

Экокампусты дамыта отырып, қаржыны оқу зертханалық базаны жақсартуға, университеттің сандық ортасын жетілдіруге бөлеміз. Мақсатымыз - университеттің қызметтерін толықтай цифрландыру. Бұл бізге білім беру ортасын ашықтық қағидасына сәйкес адалдық алаңын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Үшінші міндет: Ішкі және сыртқы стейкхолдерлер үшін университеттің тартымдылығын арттыру.

Университеттің жағымды имиджін қалыптастыру және оны сақтап тұру арқылы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге, білім беру мен ғылымды дамытуға толық негіз болады. Осы мақсатта кәсіби бағдар беруді, жұмыс берушілермен өзара байланысты тиімді ұйымдастыру, ғылыми бағытты қаржыландыру үшін Түлектер қауымдастығының және бизнес-әріптестердің қолдауымен іске асады.

Сәйкесінше аталған бағдарлама толығымен

орындалған жағдайда, алдағы жылдарда мынадай нәтижелерге қол жеткізіледі. Олар: университеттің мамандар дайындау сапасы артып, жаңа адал, ашық академиялық ортасы қалыптасады; Білім беру бағдарламалары еңбек нарығы сұранысына сай, сыртқы қажеттіліктерге сәйкес өзгертуге лайықталып жасқаталады; инновациялық және кәсіпкерлік ойлауы қалыптасқан педагогтарды жұмысқа тарту және оларды қолдау іске асады. Университеттің ғылыми-зерттеулерден, эндаумент-фонд, кәсіпкерліктен түсетін қосымша табыс көздері көбейеді.

Оқу орны басшысының есебінен кейін Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешов, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Максим Избасов, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің бастығы Ерлан Ермаханбетов, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» филиалының «Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институтының» басшысы Роза Даулетова, мемлекет және қоғам қайраткері Сәрсенбай Еңсегенов, ғалым, профессор Қадір Жүсіп, ZOOM қосымшасы арқылы шетелден Fulbright scholarship (Фулбрайт стюларшип) бағдарламасымен АҚШ-тан 2022-2023 оқу жылы келіп дәріс берген оқытушы Ник Мошер сөз алып, ректордың жылдық есебін жоғары бағалап, сауалдары мен ұсыныстарын жеткізді. Осы оқу орнының түлегі екенін мақтан тұтатынын жеткізген Сәрсенбай Құрманұлы университетте Алаштану орталығы мен Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына орай «Қыпшақ мүмліктері» орталығы сынды ұйымдар ашылса деген тілегін жеткізді.

-Алашорда қайраткерлерінің ішінде біздің Атыраудан үш адам бар. Олар - университет атын иеленген Халел Досмұхамедовтен бөлек,

Уәлихан Танашев пен Бақтыгерей Құлманов. Өкінішке қарай, соңғы екеуінің есімі көп айтылмай, ескерілмей келеді, ал олардың елге сіңірген, халық алдындағы еңбегі ұшан-теңіз, сол себепті, сіздерден орталық ашылса оның берері көп болмақ, - деді С.Еңсегенов.

Сондай-ақ, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Максим Избасов жоғары оқу орны оқытатын туризм мамандығына баса мән беріп, дамытуға күш салу керектігін айтты. Себебі, келесі жылы еліміздің Ұлттық құрылтайы Сарайшық жерінде өтеді деп күтіліп отыр. Сауалға жауап берген Саламат Нұрмұханұлы болашақ туризм саласы мамандарын даярлауға баса мән беріліп отырғанын және осы мақсатта студенттердің Түркия елінде болып, білімі мен біліктілігін арттырып келуі жолға қойылғанын жеткізді.

Алқалы жылында студенттердің белсенділігі көзге түсті. «Ұстаз» мектебінің түлегі, Атырау университеті тарих факультетінің 1 курс студенті Бақыт Ильяс оқу орнына мамандық таңдауда жол көрсетіп, сапалы білім алуына жағдай жасағаны үшін алғыс айтса, Студенттік парламент президенті Нұрбек Жастлеков оқу орнында белсенді студенттерді қолдау, марапаттау бағытында жақсы бастамалар барын атап өтіп, жоспарда айтылғандай, келешекте оқу-зертханалық ғимарат, ғылыми кітапхана салу ісі қолға алынғанда студенттердің де талап-тілегі ескерілсе деген ойын білдірді. Сондай-ақ, тағы да ZOOM қосымшасы арқылы Құлсары қаласынан қосылған университет студенті Әлішер Егізбайдың анасы оқу орнының студенттердің оқып, бос уақыттарын тиімді өткізуі, өмірден өз орындарын табуы үшін барлық мүмкіндікті жасап отырғанын айта келіп, «барлық ата-аналар атынан» ортақ тілегін жеткізді.

2022: НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

РЕСПУБЛИКАДАҒЫ БІРЕГЕЙ ЖОБА ҰЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ҰСТАЗ» МЕКТЕБІ

АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕР **38** АЛТЫН БЕЛГІ - 8
ҰЗДІК АТТЕСТАТ - 2
БІЛІМ ГРАНТЫ - 24

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚҚА ОҚУҒА ТҮСТІ - 30
ОНЫҢ ІШІНДЕ ГРАНТ - 20

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

ҚОС ДИПЛОМ БАҒДАРЛАМАСЫ

- "ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ" МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША НИЙДЕ ОМЕР ХАЛИСДЕМИР УНИВЕРСИТЕТІ
- "ЭКОЛОГИЯ" МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША АСТРАХАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

1. ТОНГМЕН УНИВЕРСИТЕТІ (ПУСАН, ОҢТҮСТІК КОРЕЯ)
2. АСТРАХАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ (АСТРАХАН, РФ)
3. Б. Б. ГОРЦОВИЧОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЛМАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ (СІЛИСТА, РФ)

ТІЛДІК КУРСТАР:

1. ТҮРІК ТІЛІ КУРСЫ
2. КУРСТАР (ELTS-ҚА ДАЙЫНДЫҚ, SPEAKING CLUB)
3. КОРЕЙ ТІЛІ КУРСЫ



Қанаттылар әлемін тамашалаған күн

14 қазанда Дүниежүзілік қоныс аударатын құстар күніне орай (World Migratory Bird Day) Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясының (АСБК) ұйымдастыруымен арнайы Atyrau University студенттерінің қатысуымен Атырау қаласында құстарға бақылау жүргізілді.

Қазіргі уақытта «birdwatching» ағылшын тілінен қазақшаға аударғанда «құстарды бақылау» бүкіл әлемде кең таралған хобби. Құс бақылаушылары, яғни бердвотчерлер ұсынатын деректерді ғалымдар құстардың мекендеу ортасы мен миграциясын зерттеуге және оларды сақтауға пайдаланады.

Серуен барысында студенттер Атырау қаласының саябақтары мен жағалауда мекен ететін құстар түрлерімен танысып, оларды анықтаудың негізгі машықтарын үйрене алды. Қатысушылар бірінші болып тағандар мен алақарғаларды, жағалау маңайында ары бері ойнақтаған өгізшағалаларды, қыстауға келген секпілтөс бейнарықты, арасында ементұмсықты, тіпті ҚР Қызыл кітабына енген сирек кездесетін қарабас өгізшағаланы және тағы да басқа құстарды кездестіріп, оларға санақ жүргізді.

Құстарды бақылауға үйретуші Юлия Вахмирова студенттердің құстар жайындағы сұрақтарына толық жауап беріп тұрды. Серуеннен кейін қатысушылар құстарды көру нәліктен қызықты және маңызды, бұл хобби ғылымға қаншалықты пайдалы екендігі жайлы әңгімелесті.

Аталған шара Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы (АСБК) «Шеврон» компаниясымен серіктестікте жүзеге асырылатын «Students for Nature» жобасы аясында ұйымдастырылды.



БОЛАШАҚҚА БАҒЫТ

«Students for Nature Field Camp 2023» зерттеу далалық лагеріне қатысу – менің болашағыма бағдар болған мүмкіндік. Осы жерде бұрынға дейін беймәлім болған дүниелермен танысып, кәсіби тұрғыдан пайдалы дағдылар игеріп, өмір жолыма бағыт-бағдар беретін көптеген адамдармен таныстым. Бірақ бәрін басынан бастап айтайын.



Алғаш рет көктемде Atyrau University студенттеріне Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы ұйымдастырған «birdwatching», яғни құстарды бақылауға арналған табиғи серуенге қатыстым. Бұрын соңды мән бермеген Атыраудағы құстардың түрлері туралы танымым қалыптасты. Мысалы, тарғақ және оған ауыл шаруашылығы ыңғайларының өзгеруі салдарынан тиер теріс әсері; дала торғайының қаладағы заманауи тығыз құрылыстың әсерінен ұялау мен қоректенуге қажетті жерлерден айырылуы жайлы. Осы шара ерекше әсер қалдырды, құстарға деген қызығушылығымды оятып, осы жерде АСБК-ның ұйымдастыруымен өтетін далалық лагерь туралы білдім.

Лагерьге қатысу туралы мақсат менің барлық ойымды жаулап алды. Жаз айларында өзімнің ауылымда құстарды анықтау және санақ жүргізу бойынша өзбетіндік жұмыстарды жүргізе бастадым. Осының арқасында, Қорғалжын қорығында өтетін далалық лагерьге бару мүмкіндігіне ие болып, 5 тамыз күні Астана қаласына да жеттім.

«Students for Nature Field Camp 2023» зерттеу далалық лагеріне Қазақстанның түкпір-түкпір жерлерінен, атап айтсам Алматы, Астана, Орал, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай қалаларынан студенттер келген екен. Лагерь бағдарламасының негізгі тақырыбы Қорғалжын қорығында мекен ететін құстарды зерттеу және оларға санақ жүргізуге арналды. Дәрістерді көпжылдық тәжірибесі бар жоғары білікті зоологтар, АСБК зерттеушілері мен мамандары жүргізді.

Лагерь барысында маршруттар мен көлдердегі құстарды санау, түнгі экскурсиялар, фототұзақтар орнату, лекциялар мен практикалық

сабақтар өткізілді. Біз күнделікті таңғы жаяу санақ жолдарын қамтып, Сұлтанкелді, Есей, Шолақ, Жұмай көлдерінде құстарға бақылау жүргізе алдық. Бақылаудың барлық күндерінде құстардың 98 түрі, оның ішінде сирек кездесетін құстарды кездестіріп, анықтап және белгіледік.

Сонымен қатар, Қазақстанның табиғатты қорғау саласының мамандары әлемде табиғатты сақтауда жүргізілген сәтті үлгілері жайлы және өздерінің жобалары мен зерттеулерін жоспарлау туралы тың мәліметтерімен бөлісті. National Geographic Qazaqstan фотографтары жүргізген табиғат аясында кәсіби фотосуретке түсіру бойынша шеберлік сабақтары өз басыма ерекше әсер қалдырды.

Сонымен қатар, лагерь кезінде біз далалық экожүйелерді зерттеудің қысқаша тарихын, олардың атқаратын қызметі мен кімдер мекендейтіні жайлы таным алдық. Мамандар жетекшілігімен лагерь маңында үш фототұзақ орнатып үйрендік, екі күннен кейін фототұзақтың бірі борсықты байқағаны біз үшін ерекше олжа болды.

Лагерь нәтижесінде болашақ маман ретінде өз кәсіби білімімді дамытып, осы салада Қазақстан табиғаты мен экожүйесін сақтауда мол үлес қоса алатын мүмкіндіктер бар екенін түсіндім. Ең бастысы, Қорғалжын қорығында көзқарастарымыз бен құндылықтарымыз ортақ достар тапқанымға қуаныштымын. Алдағы уақытта ғылыми жұмысымды құстарды зерттеумен байланыстырамын деген ойдамын.

Арсен ҚАЗАЛИЕВ,
биология және ауылшаруашылығы мамандығының
2 курс студенті



Студенттер шығармашылығы

ЖАСТАРҒА БЕРЕРІ МОЛ ЖИЫН ӨТТІ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті экономика және құқық факультетінің 3 курс студенті Бейбарыс Сәрсен Астана қаласында БҰҰ Балалар қорының ұйымдастыруымен өткен UNICEF Talks жастар конференциясына қатысып келді. «Public talk» форматындағы шара жастардың үнін қоғамға естіртіп, жаңа идеялар мен креативті ойларын ортаға салуды көздеген. Оған еліміздің жоғары оқу орындары мен орта мектептерінің жүзден жүйрік шығып, ерекшеленген студенттері мен оқушылары қатысып, жалпы саны он алты өрімдей спикер шаршы топтың алдында сөз сөйлеген.



– Мен Атырау қаласы бойынша барған жалғыз адам болдым. Университеттегі ғылыми жетекшім, заң ғылымдарының кандидаты Жанна Бекболқызы Шаяхметованың басшылығымен жасөспірімдер арасындағы суицид мәселесін зерттеп, сол бойынша сөйледім. Мен он төрт спикердің ішінде жетінші болып шықтым, актуалды тақырып болғандықтан да шығар, зал мен сөйлегенде жанданып кеткендей болды. Өз сөзімде суицидтің туындау себептері мен оларды шешу жолдарына барынша тоқталып, прокуратура органдарының статистикасын мысалға келтірдім. Баланың депрессияға түсуіне, ойын бөлісетін, жанашыр адам таппай, өзіне өзі қол жұмсауына алып келетін жағдайлар мектептегі буллинг қана емес, ең алдымен, отбасындағы ахуал дер едім. Үйдегі ұрыс-керіс, түсінбеушіліктер баланың өзін жалғыз сезініп, соның салдарынан дұрыс шешім қабылдамауына әкеп соқтырады. Осы орайда білім мекемелерінің психологтары мен инспекторларға артылар жүк жоғары деп білемін. Біз де университетте жүргенде, әсіресе, сессия кезінде қиналған немесе қобалжыған жастар болса қолдау білдіріп, кейде, тіпті жұбатып, сол арқылы көмектесіп жүреміз. Оның еш қиындығы жоқ қой, есесіне, өзіңнің қатар-құрбыларыңа септігің тиеді», – дейді Бейбарыс Сәрсен.

Оның келтірген деректері бойынша, дүниежүзі елдерінің арасында Қазақстан суицид саны бойынша

алдыңғы орындардың бірінде. Суицидтік психологиялық мінез-құлық 13–28 жас аралығында – 30, ал жеткіншек кезінде 6–10 пайызды құрайды және әйел адамдардан гөрі ерлерде жиірек кездеседі.

UNICEF Talks жастар конференциясына келген «Ninety One» тобы шараға ерекше дем бергендей болады. Олар буллинг проблемасын көтеріп, бір кездері өздерінің де оған ұшырап, қиын кезеңде бастан кешірген тәжірибелерімен бөліседі. Бұдан бөлек, өнертапқыш өрендердің ойлап тапқан, жасап шығарған құрылғылары да ортаға салынып, жиналғандарды тәнті етіпті. Мәселен, Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Мырзаәлі Асанов пен Нұрлыбек Оңдаған зағип жандардың бөлмеде, тіпті көшеде өз бетімен жүруіне мүмкіндік беретін көзілдірік ойлап тауып, таныстырған.

– UNICEF-те біз жастар үніне сенеміз және осы алаңда көтерілген әр мәселені баршаға жеткізуге ұмтыламыз. Бала құқығын сақтауды мақсат тұтқан ұйым елімізде отыз жылға жуық жұмыс істеп келеді. Білім алу, денсаулық сақтау, сүйіспеншілікке толы отбасында өмір сүру сияқты бәрімізге таныс қағидаттардың ішінде көпшілік біле бермейтін құқық бар, ол – балалардың өздеріне қатысты барлық мәселе бойынша көзқарасын еркін білдіру құқығы. UNICEF Talks алаңында бұл құқық шындыққа айналады, – деп қорытындылайды UNICEF-тің Қазақстандағы өкілінің міндетін атқарушы Летисия Баззи-Вейл.



ҰЛАНҒАЙЫР ЖЕРІМ БАР

Менің елім – Қазақстан,
Іші оның ғажапстан.
Менің елім мәдениетті,
Жаралғаннан әуел бастан!
Қазақпенен қазір жау халық жоқ,
Шүкірміз, жоқ бізде атыс-шабыс, атылған оқ.
Бүкіл елмен тынышпыз, бейбітпіз,
Дамыған елу елге еріппіз.
Менің елім бай, қуатты,
Байлығы оның шалқып ақты.
Бұл құдайдың берген несібесі,
Бағалайық барды нақты.
Қазақстан бұл заманда дамыған,
Бабалардың батырлығы бойымызға дарыған.
Азаттығын бүкіл әлем мойындап,
Ерек орнын бүкіл әлем таныған.
Астана қалалардағы бас көсем,
Мұнарасы Бейтерегімен ең әсем.
Үкіметіміз біздің осында,
Қарсы аламыз барша қонақты, досын да.
Астана бас қаламыз,
Ұлан ғайыр даламыз.
Орталыққа біріккен,
Қазақ болып қаламыз.
Атырау деген қалам бар,
Мұнайлы маңғаз далам бар.
Мың байлықпен дамыған,
Тамсанып оған қараңдар.
Бұл әлемде неше түрлі ғалам бар,
Сол ғаламға тамсанып бір қараңдар.
Зымыранмен аспан мен жерді жалғаған,
Зымыранды Байқоңырдай қалам бар.
Ақтау деген қалам бар,
Каспийдей әсем жағам бар.
Сол Каспийдің жанында,
Киелі Маңғыстаудай далам бар.
Ақтау деген қаламда,
Үстірт деген далам бар.
Маңғыстаудай даламда,
Өндірілер уран бар.
Павлодар деген қалам бар,
Қыста толы далам қар.
Қостанай деген қалам бар,
Астыққа толы далам бар.
Керіктенген өңір бар,
Өндіріс үлкен темір бар.
Қарағанды деген қалам бар,
Кеніш толы көмір бар.
Ақтөбе деген қалам бар,
Жер байлығының көбі бар.
Семей деген қалам бар,
Ұлан ғайыр далам бар.
Елімнің атын шығарған,
Данышпандар, данам бар.
Ел қорғаған ерім бар,
Жерім толы кенім бар.
Айдынды шалқар көлім бар,
Қырат, қырат төрім бар.
Асу, асу белім бар,
Ұланғайыр жерім бар.
Ешқашанда жойылмас,
Мәңгілік қазақ деген елім бар!

Нұрберген ОЙЫЛБАЙ,
«физика, математика және ақпараттық технологиялар»
факультетінің 4 курс студенті

Атырауды айтып жүремін

Менің туып-өскен жерім – Атырау облысы. Қазіргі күні Алматы қаласында жоғары білім алып жатсам да, Атырауымның әр жаңалығына алаңдап, дәйім сағынып жүремін. Жақында қала күні өтіп, шаһардың 383 жылдығы барлық сән-салтанатымен аталып өткенін көріп, қатты қызықтым. Университет басылымын пайдалана отырып, барлық жерлесімді қала күнімен құттықтағым келеді.

Басқа қалада Атыраудан екенімді естіп, ол жайлы танып-білуге қызығушылық танытатындар болады. Сондайда, туған өңірім жайлы мақтанышпен біраз деректер айтып, бөлісемін. Біздің басты байлығымыз – Жайық өзені, ал біздің «фиш-камыз» – fishбармақ тағамы. Атыраудың еуропалық және азиялық бөліктерін байланыстырып, Жайық өзені арқылы өтетін ұзындығы 551 метр болатын ең ұзын көпір Гиннестің рекордтар кітабына енген!

Дегенмен, Атырау қаласы еліміздегі ең қала, тұрмыс, жалақы деңгейі ең жоғары деңгейде деген қалыптасқан көзқарасты да байқап, онымен келіспей қалатынымды да жасыра алмаймын. Меніңше, аймақтың жолдарын жақсартып, жасыл желекті көбейтіп, әлеуметтік-экономикалық жұмыстар атқарыла түссе «мұнайды астана» деген атаққа лайықты болар едік. Бұдан бөлек, атыраулықтардың қонақжайлығын, оның көрінісін «Dostyk Village» қалашығынан көруге болатынын айта жүремін. Менің қалам – менің мақтанышым!

Шахноза МАХАНОВА,
Абылай Хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ФММК факультеті,
журналистика мамандығының 2 курс студенті



СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Биыл Атырау университетінде 2023–2024 оқу жылының жаңа президентін тағайындау үшін дауыс беру шарасы өте қарқынды өтті. Студенттік өзін-өзі басқару құрылымының президенті лауазымына 4 студент үміткер ретінде тіркеліп, жаңа идеялары мен жобаларын ұсынған болатын. Олардың ішінен жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің 2 курс студенті Нұрбек Жастлеков басым дауыспен (1085 балл) Студенттік парламент президенті болып сайланды.

– Біз жұмысқа жаңа кірісіп жатырмыз, сондықтан қандай да бір нәтиже, жобалар жөнінде айтуға ертерек сияқты. Дегенмен, студенттік клубтардың жұмысын жандандыру, факультеттермен байланыстарды күшейту, студенттердің белсенділігін арттыру сынды жұмыстарға басымдық бермекпіз. Бұл қызмет маған үлкен жауапкершілік артатынын жақсы түсінемін. Осы орайда былтыр Студенттік парламент құрылымының президенті

болған Эльвира Адиловаға ақыл-кеңесін айтып, тәжірибесімен бөлісіп отырғаны үшін рахметімді айтамын. Атап айтқанда, ол маған команданың рөлі мен маңызын, шараларды бүге-шігесіне дейін мұқият қарастырып өткізу керектігін, басқа да қажетті жайларды түсіндіріп айтып берді, – дейді Н.Жастлеков.

Белгілі болғандай, өз кандидатураларын ұсынған басқа үміткерлер де Студенттік парламенттік жаңа құрамына тартылыпты. Бұл олардың ұсынған және ойларында жүрген бастамаларын жүзеге асыруына мүмкіндік бермек.

Сонымен, Студенттік парламент құрылымымен таныс болайық:

Нұрбек Жастлеқұлы Жастлеков, Студенттік парламент құрылымының Президенті, жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультеті

Диас Ерболатұлы Тажкенов, кеңесші экономика және құқық факультеті

Аида Рустамқызы Амангелдиева, кеңесші гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті **Лиза Ерболатқызы Мазломова**, ішкі саясат департаментінің басшысы гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті

Жаннұр Болатқызы Қуанышәлі, мәдениет департаментінің басшысы гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті

Индира Абдулханқызы Кулекешова, қаржы департаментінің басшысы экономика және құқық факультеті

Айгерім Нұрбекқызы Халел, ақпарат департаментінің басшысы экономика және ұқық факультеті

Жанерке Әділбекқызы Әділбекова, акционерлер қоғам басшысы инновациялық білім беру факультеті

Берекет Төлегенов, қызмет істері департаментінің басшысы, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті

«Міржақып. Оян, қазақ!» жастарға ой салды

Еліміздің кинотеатрларында көрсетіліп жатқан «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі қазақстандық кинометрографияның үлкен жетістігі ретінде бағалануда. Қазақ халқының жарқын болашағы үшін күрескен алаш қайраткерінің өмірін көрсеткен кинокартина «ticketonkz» сайтының мәліметі бойынша, бір апта ішінде прокатта қаралымы мен жинаған қаражаты жағынан рекордтық көрсетішке қол жеткізіп, рейтингте бірінші орынды иеленіп тұр.

Ұлттық рухты көтеретін «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмінің қаралымына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқытушылары мен студенттері де елеулі үлес қосты. Белгілі халелтанушы ғалым Ғабит Базарғалиев көршілерінен он екі адамның басын қосып, фильмді арнайы апарып көрсеткен. Сондай-ақ, көптілі білім беру факультетінің

аға оқытушысы Бибігүл Қайыржанова «қазақ тілі мен әдебиетінің» 101 тобының, инновациялық білім беру факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлжанат Арыстанғалиева дене шынықтыру мамандығының 1 курс студенттерімен барып, үлгі боларлықтай тәрбиелік шараларды атқарды. Ал педагогикалық пән бойынша шетел тілі мамандығының 2 курс студенттері «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмінен үзінді қойып, оны бейнеролик түрінде әлеуметтік желілерге салды.

– Фильм жастарға үлкен ой салып, елдің тарихын білуге ұмтылдырды, жігерлендірді деп айта аламын. Олар көздеріне жас алып, біразға дейін кинодан алған әсерлерін айтып, ұлт қайраткерлерінің ауыр тағдырын, қазақ халқының басынан өткерген кезеңдерін талқылаумен болдық», – дейді оқытушы ғалым Бибігүл Қайыржанова.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
Г.Қайырғалиева – кеңесші
Ж.Қалым – редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
Е.Қабделов – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:

А.Тұралиев
Қ.Қуатова
Н.Самғат
Қ.Әбдібек

электрондық пошта
media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1246 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана